Сапа саласындағы саясат

«Болашақ Атырау» компаниясының табыстылығы оның өз Клиентіне сапа, тиімділік және бизнесті жүргізу ыңғайлығының тұрғысынан барынша жоғары стандарттарға сәйкес қызметтерді көрсету қабілетіне байланысты. Осы орайда «Болашақ-Атырау» мамандары жаңарып әрі жетілдіріліп отыратын, ИСО 9001 барлық талаптарына сәйкес сапа жүйесін құрастырды. «Болашақ-Атыраудың» назары ТІКЕЛЕЙ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДЕ Клиентке жоғары сапалы және білікті қызметтерді көрсетуге жәрдемдесетін тиісті ресурстардың бар болуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Басқарушы директор «Болашақ-Атырау» компаниясымен көрсетілетін қызметтердің сапалы және білікті болуы үшін жеке жауап береді. Бұл жағдайда «Болашақ-Атыраудың» ТІКЕЛЕЙ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ өз тапсырмаларында сапа менеджменті жүйесінің талаптарына сәйкес келетін сапаны қаматамасыз ету үшін жауапкершілікті мойындарына алады. Басқарушы директор міндетіне сапа менеджменті жүйесін қолдануды бақылау және үнемі жетілдіру кіретін сапаны басқару жөніндегі басқарушы/өкілді тағайындауы тиіс.

Сапа менеджменті жүйесі «Болашақ-Атыраудың» бизнес үдерістеріне сәйкес құрылады. Сапа саласындағы мақсаттарды орындау үнемі бағаланады және бақыланады, ал қажет болған жағдайда тұрақты жетілдіру бойынша шаралар қолданылады. Кез келген уақытта басшылық шешімінің негізінде сапа саласындағы мақсаттар қайта қаралуы мүмкін, ал кемінде жылына бір рет бұндай мақсаттар басқару жүйесін талдау аясында басшылықпен тексерілетін болады.

Желтоқсан 2014 ж. _____*(қолы)*_____

Квинтин Голди

Басқарушы директор